



RBB-010

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Құрметті Сатып Алушы!

Ritmix магнитоласын таңдағаныңыз үшін рахмет. Сіз оны пайдаланудан ләззат аласыз деп үміттенеміз.

Құрылғыны іске қоспас бұрын, жаңа радиоқабылдағыштың барлық мүмкіндіктерін пайдалану және оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Егер болашақта осындай қажеттілік туындаса, оған жүгіну үшін осы нұсқаулықты сақтаңыз. Осы нұсқаулықта көрсетілген нұсқауларға сәйкес құрылғыны пайдаланыңыз.

Қолданар алдында

Осы пайдалану нұсқаулығымен мұқият танысыңыз.

Құрылғымен өндіруші ұсынбаған аксессуарларды пайдаланбаңыз.

Электр желісіндегі кернеу құрылғының жұмыс кернеуіне сәйкес келетіндігін тексеріңіз.

Өрттің немесе электр тогының соғуын болдырмау үшін құрылғыны жаңбыр мен ылғалға ұшыратпаңыз. Аспапты суға батыруға тыйым салынады. Өрттің немесе

электр тогының соғуын болдырмау үшін бұл құрылғыны жоғары ылғалдылық жағдайында орналастырмаңыз (ванналардың, су бассейндерінің, ас үй раковиналарының, кір жуғыш машиналардың жанында, бассейннің жанында, дымқыл жертелелерде және т.б.), құрылғыға тамшылар мен шашырауға жол бермеңіз. Құрылғыны тұрақсыз бетке қоймаңыз. Найзағай кезінде құрылғыны қосымша қорғау үшін,

сондай-ақ оны ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмеген жағдайда оны қуат көзінен ажыратыңыз. Бұл найзағайдың немесе электр желісіндегі кернеудің салдарынан құрылғының істен шығуын болдырмайды. Қуат кабелін ажырату үшін ағытпаның түбінен тікелей алыңыз, ешқандай жағдайда кабельден тартпаңыз. Кабельдер ыстық және өткір заттармен жанаспайтынына көз жеткізіңіз. Құрылғыны тым жоғары немесе төмен температураға (45 °C-тан жоғары немесе 0 °C-тан төмен) ұшыратуға тыйым салынады, өйткені бұл құрылғының ішкі элементтеріне зақым келтіруі мүмкін.

Құрылғының жұмыс температурасы +5 °C-тан +35 °C-қа дейін.

Электр тогының соғуын болдырмас үшін құрылғының корпусын өзіңіз ашпаңыз.

Құрылғыны жөндемеңіз және оған өзгеріс енгізбеңіз. Сервистік қызмет көрсетуді тек сервистік орталықтардың білікті мамандары ғана жүзеге асыруы тиіс.

Құрылғыны жеткілікті желдету бар жерлерде орнатыңыз. Ешқашан оны шүберекпен немесе басқа материалдармен жаппаңыз, өйткені желдетудің жеткіліксіздігі қызып кетуіне және/немесе өнімнің қызмет ету мерзімінің қысқаруына әкелуі мүмкін.

Құрылғыны жылу көздеріне жақын қоймаңыз, мысалы, радиаторлар, электр жылытқыштар, пештер немесе жылу көзі болып табылатын басқа құрылғылар, сондай-ақ күн сәулесі тікелей түсетін жерлерде, шамадан тыс шаң немесе механикалық соққылар.

Келесі жағдайларда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз:

- Радио ішіне бөгде заттар кіріп кеткенде немесе оған сұйықтық төгілгенде
- Радио жаңбыр астында қалғанда
- Құрылғы құлап, бүлінгенде
- Магнитола дұрыс жұмыс істемей, оның жұмысында айтарлықтай өзгерістер болғанда.


Аталған пайдалану және сақтау талаптарын сақтамау сізді келіпдік қызметінен айырады.

Өндіруші құрылғыны дұрыс пайдаланбау немесе сақтық пен қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан туындаған зақым үшін жауап бермейді.

Өндіруші алдын ала ескертусіз бұйымның конструкциясына, сыртқы түріне, бағдарламалық қамтамасыз етілуіне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Осыған байланысты соңғы өнім мен бағдарламалық жасақтама берілген сипаттамадан/кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

ҚҰРЫЛҒЫ СИПАТТАМАСЫ



1. Телескопиялық антенна.
2. SD картасының слоты.
3. USB сақтау құрылғысына арналған слот.
4. Динамикалар
5. VOL+ / VOL- дыбыс деңгейін басқару батырмалары
6. ON/OFF қуат қосқышы.
7. 3,5 мм аудио кабельді қосуға арналған Aux порты.
8. Құлаққапты қосуға арналған ағытпа.
9. Жілікті реттеу батырмалары.
10. «MODE» батырмасы: MP3 (SD, USB сақтау құрылғысы және Bluetooth) режимдері арасында ауысу.
11. PREV батырмасы: алдыңғы трекке өту (қысқа басу)/артқа айналдыру (ұстап тұру).
12. Play/PAUSE батырмасы: радиостанцияларды ойнату/кідірту/авто іздеу
13. NEXT батырма: келесі трекке өту (қысқа басу)/алға айналдыру (ұстап тұру).

ҚҰАТТАНУ КӨЗДЕРІ

Құрылғы кіріктірілген аккумулятордан мен айнаымалы ток желісінен жұмыс істей алады. Аккумуляторлық батареядан жұмыс жасауы

1. Магнитола кіріктірілген литий-иондық батареямен жұмыс істейді.
2. Алғашқы қолданар алдында батареяны зарядтау керек.
3. Қуат кабелін желіге қосыңыз. Батарея магнитола қосылғанына немесе қосылмағанына қарамастан зарядталады. Дегенмен, құрылғы өшірілген кезде батареяны зарядтау ұсынылады.
4. Толық зарядтау үшін құрылғыны шамамен 8 сағат зарядтау керек.

Назар аударыңыз! Толық зарядталған батареяның жұмыс уақыты құрылғы жұмысының қарқындылығымен анықталады. Мысалы, өте төмен жиілікке толы қатты музыканы тыңдау әдеттегі сөйлеуді тыңдаумен салыстырғанда көп энергияны қажет етеді.

Құрылғының желіден жұмыс жасауы

- Құрылғыны қуат көзіне қоспас бұрын, құрылғының жұмыс кернеуі электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Жиынтықта берілген қуат кабелін құрылғының артқы жағында орналасқан қуат ағытпасына қосыңыз.
- Желілік кабельдің шанышқысын розеткаға қосыңыз.

Назар аударыңыз! Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаса, оны қуат көзінен ажыратыңыз.

НЕГІЗГІ ОПЕРАЦИЯЛАР

Құрылғыны қосу/өшіру

- ON/OFF қосқышын ON күйіне ауыстырыңыз.
- Радионы өшіру үшін ON/OFF қосқышын OFF күйіне ауыстырыңыз.

Назар аударыңыз! Орнатылған нәрсеге байланысты магнитола сақтау құрылғысынан немесе жад картасынан ойнатуды бастайды. Егер сақтау құрылғысы немесе жад картасы орнатылмаса, магнитола радио режимінде жұмыс істей бастайды.

Режимді таңдау

FM радиосы, USB/SD, AUX радио режимдерін өзгерту үшін MODE батырмасын кезекпен басыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін VOL+/VOL- батырмаларымен реттеңіз.

Радио режиміндегі жұмыс

1. «ON/OFF» қосқышын ON күйіне ауыстырыңыз.
2. PREV/NEXT батырмаларын пайдаланып қажетті жиілікті реттеңіз.
3. Бұл құрылғыдағы антенна бағытталған антенна болып табылады. Оны толық ұзындыққа созыңыз. Күшті қабылдауға қол жеткізу үшін антеннаны бұраңыз.
4. Дыбыс деңгейін VOL+/VOL- батырмаларымен реттеңіз.
5. Автоматты түрде іздеу және сақтау үшін радиостанциялар құрылғысының жадында автоматты іздеу басталғанша PLAY/PAUSE батырмасын басып тұрыңыз.

Сыртқы медиадан (SD, USB) ойнату режимінде жұмыс істеу.

Егер USB сақтау құрылғысы радиоға қосылған болса немесе SD жад картасы орнатылса, құрылғыны қосқаннан кейін сақтау құрылғысында/ картада сақталған музыканы ойнату автоматты түрде басталады.

1. Сыртқы медианы құрылғының жоғарғы панелінде орналасқан слоттардың біріне орнатыңыз (құрылғы схемасындағы № 2 және № 3).
2. Орнатылған медиадан музыканы ойнату автоматты түрде басталады.
3. Ойнатуды кідірту үшін PLAY/PAUSE батырмасын басыңыз.
4. Ойнатуды жалғастыру үшін PLAY/PAUSE батырмасын тағы бір рет басыңыз.
5. Тректер арасында ауысу үшін PREV және NEXT батырмаларын басыңыз.
6. Артқа айналдыру үшін PREV батырмасын басып тұрыңыз.
7. Алға қарай айналдыру үшін NEXT батырмасын басып тұрыңыз.
8. Егер Сіз музыканы сыртқы сақтау құрылғысынан ойнатуды тоқтатқыңыз келсе, онда магнитоланы өшіріп, сақтау құрылғысын шығарыңыз.
9. Егер құрылғыға SD және USB сақтау құрылғысы бір уақытта орнатылса, олардың арасында MODE батырмасын қысқа басу арқылы ауыстыруға болады.

Назар аударыңыз! Ұзартқыш кабель арқылы қосылған USB тасымалдаушысы дұрыс жұмыс істемейі мүмкін.

Назар аударыңыз! FAT, FAT32 файлдық жүйесі бар USB тасымалдаушыларына қолдау көрсетіледі.

Назар аударыңыз! Сыртқы HDD дискілерін пайдаланбаңыз.

Аух ойнату режимінде жұмыс істеу

1. Аудио кабельдің бір ұшын құрылғының артқы жағында орналасқан AUX портына қосыңыз.
2. Аудио кабельдің екінші ұшын дыбыс көзіне қосыңыз.
3. Аудио кабельді қосқаннан кейін радио автоматты түрде аух режиміне өтеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: барлық басқару дыбыс көзі құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.

